

Құрманғазы ауданы бойынша шетелдіктер үшін 2023 жылға арналған туристік жарна мөлшерлемелерін бекіту туралы

Күшін жойған

Атырау облысы Құрманғазы аудандық мәслихатының 2023 жылғы 17 мамырдағы № 13-VIII шешімі. Атырау облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 22 мамырда № 5018-06 болып тіркелді. Күші жойылды - Атырау облысы Құрманғазы аудандық мәслихатының 2023 жылғы 25 желтоқсандағы № 102-VIII шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Атырау облысы Құрманғазы аудандық мәслихатының 25.12.2023 № 102-VIII шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабының 2-10-тармағына, "Шетелдіктер үшін туристік жарнаны төлеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 5 қарашадағы № 787 қаулысына сәйкес Құрманғазы аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап 31 желтоқсанды қоса алғанда туристерді орналастыру орындарындағы Құрманғазы ауданы бойынша шетелдіктер үшін туристік жарнаның мөлшерлемелері - болу құнының 5 (бес) пайызы бекітілсін.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Мәслихат төрағасы

Г. Калиева